

М.Оспанов атындағы Батыс қазақстан Мемлекеттік
Медицина Университеті



Жалпы гигиена және экология
Жеке және ұжымдық қорғаныс әдістері.

Орындаған: 502 МПІ Махсотова Г.Қ
Тексерген: м.ғ.к Бердешева.Г.А

Ақтөбе 2016ж

Жоспар

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

- Халықты радиациядан қорғау.
- Жеке қорғану әдістері
- Ұжымдық және медициналық қорғану әдістері

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Сәулелену көздерімен жұмыс істейтіндердің немесе осындай жұмыстар жүргізілетін учаскелерде болатындардың барлығы жұмыстар түрі мен сыныбына сәйкес жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Ашық түрдегі радиоактивті заттармен I сыныптың жұмыстары кезінде немесе II сынып жұмыстарының жекелеген түрлері кезінде персоналында жеке қорғаныштың негізгі құралдарының жиынтықтамасы, сондай-ақ ықтимал радиоактивтік ластану деңгейі мен сипатына байланысты қосымша қорғану құралдары болуы тиіс.

II сыныптың жұмыстары кезінде және III сыныптың жекелеген жұмыстары кезінде персонал халаттармен, қалпақтармен, қолғаптармен, жеңіл аяқ киіммен және қажет болған жағдайда тыныс ал мүшелерінің қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Радиоактивті заттармен жұмыстар үшін жеке қорғану құралдары активтілігі жақсы жойылатын материалдардан жасалуға не болмаса бір рет қолданылатын болуы тиіс.

Жеке қорғаныш құралдарының негізгі жиынтықтамасына арнайы ішкіім, шұлық, комбинезон немесе костюм (шекпен, шалбар), арнайы аяқ киім, телпек немесе дулыға, бір мәртелік сүлгілер немесе бет орамалдар, тыныс органдарын қорғау құралдары (ауаның ластануына байланысты) кіреді.



Радиоактивті ерітінділермен және ұнтақтармен жұмыс істейтіндерде, сондай-ақ радиоактивтік заттармен жұмыстар жүргізілетін үй-жайларды жинайтын персоналда жеке қорғаныш құралдарының негізгі жиынтығы басқа қосымша ұлпалық материалдардан немесе полимерлі жабындысы бар материалдардан жасалған арнайы киім: алжапқыштар, шынтаққаптар, жартылай халаттар, резина және пластик аяқ киім болуы тиіс.

Үй-жайдың ауасы радиоактивті газдармен немесе булармен ластану мүмкін жұмыстар кезінде (апаттарды жою, жөндеу жұмыстары) немесе сүзгіш құралдар қолдану радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтін болса оқшаулағыш қорғану құралдарын (пневматикалық костюмдер, пневматикалық дулығалар, ал жекелеген жағдайларда - дербес оқшаулағыш аппараттар) қолдану керек.

Жоғары сыныптың жұмыстарына арналған үй-жайлардан оған қарағанда төмен сыныптың жұмыстарына арналған үй-жайларға өту кездерінде жеке қорғаныш құралдарының радиоактивтік ластану деңгейлерін бақылау қажет, ал екінші ауданнан үшінші ауданға өту кездерінде қосымша жеке қорғаныш құралдарын шешу қажет.

Рұқсат етілген деңгейлерден жоғары ластанған арнайы киім мен ішкіім активтілігін жою үшін арнайы кір жуу орындарына жөнелтілуі тиіс. Негізгі арнайы киім мен ішкіім ауыстыруды персонал кемінде он күнде бір рет жүзеге асыруы тиіс

Жеке қорғаныс

Тыныс алу
мүшелерін
қорғайтын

Тері жамылғысын
қорғайтын

Тыныс алу мүшелерін қорғайтын

Тыныс алу мүшелерінің қорғаныш құралдарын (сүзгіш немесе оқшаулағыш) үй-жай ауасының радиоактивті заттармен ықтимал аэрозольдік ластану жағдайларында (ұнтақтармен жұмыстар жүргізу, радиоактивті ерітінділерді буландыру) қолдану қажет. Тыныс органдарын қорғау құралдарына противогаздар, респираторлар және қарапайым қорғау құралдары жатады.




Тері жамылғысын қорғайтын

Тері жабындыларының радиоактивтік ластану жағдайлары ықтималдығы бар радиациялық объектілерде олардың активтілігін жою құралдары ретінде ластануды тиімді аластайтын және радионуклидтердің тері арқылы организмге түсуін ұлғайтпайтын препараттар (жуғыш құралдар) пайдаланылады. Соңғы мән-жай уыттылығы жоғары радионуклидтермен жұмыстар кезінде айқындаушы болып табылады.



Медициналық қорғаныс құралдары Медициналық қорғаныс құралдары радиоқорғаныс құралдарынан, антидоттардан, бактерияға қарсы құралдардан және жартылай санитарлық тазалау құралдарынан тұрады. Радиоқорғаныс құралдары бұл адам организмін радиоактивті заттарға қарсы төтеп беру мүмкіншіліктерін арттыратын препараттар. Антидоттар деп улы заттарды адам организмiнен жоюға арналған препараттарлы айтады. Антибактериялдық құралдарды биологиялық қауіпте пайдаланады. Жартылай санитарлық тазалау құралдарына ИПП-8 пакеті, АИ-2 жеке аптечкалары жатады.



Радиациялық зақымданудан сақтану жеке дәрі-дәрмек қобдишасындағы радиациядан қорғау құралдарымен жүргізіледі.

Жеке дәрі-дәрмек қобдишасы өз-өзіне және дара көмек көрсетуге және өткіш радиациямен, улағыш заттармен және бактериал-дық құралдармен зақымданудың алдын алуға арналған. Ол меди-циналық құралдар тұратын массалық пеналдарды орналастыруға арналған жеті үясы бар қорапшадан тұрады.

АИ-2 пластмасса қорапшасындағы үялар бойынша бөлінген медициналық құралдардың жиыны. Көлемі - 90x100x20 мм, массасы -13кг.



Халықты қорғаудың ұжымдық құралдары – тұрғындарды апат, зілзала салдарынан, сондай-ақ кәзіргі замандағы қырып-жою құралдарының зақымданғыш факторларының қорғаудың ең негізгі тәсілдерінің бірі. Солардың бірі- адамдарды ұжымдық қорғау құралына жататын қорғаныс ғимараттарына жасыру. АҚ және ТЖ жүйесінде пайдаланылатын мұндай ғимараттарға панаханалар, радиациядан қорғау орындары (РҚО) және қарапайым жасырыну орындары жатады.



Қорытынды

Сәулелену көздерімен жұмыс істейтіндердің немесе осындай жұмыстар жүргізілетін учаскелерде болатындардың барлығы жұмыстар түрі мен сыныбына сәйкес жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жеке қорғаныс құралдары қозғалуы кезінде кедергі келтірмейтін ыңғайлы болуы және жұмысшылардың өз өлшемімен берілуі тиіс .

Әдебиеттер тізімі

- 1 Легеза В.И., Гребенюк А.Н., Бутомо Н.В. и др. Медицинские средства противорадиационной защиты: Пособие для врачей / Под ред. В.И.Легезы, А. Н. Гребенюка. – СПб.: Лань, 2001.
- 2 Малаховский В.Н., Гребенюк А.Н. Проблема радона. Радиобиологические и гигиенические аспекты // Морской медицинский журнал. – 2001. – Т. 8, № 1.
- 3 Нормы радиационной безопасности (НРБ-99). – М.: Госкомсанэпиднадзор РФ, 1999.
- 4 Радиационная безопасность. Рекомендации Международной комиссии по радиологической защите 1990 года. Публикация 60 МКРЗ. Ч. 1: Пер.с англ. – М.: Энергоатомиздат, 1994.